

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 198 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2026 жылғы 19 тамыздағы № 218 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 21 тамызда № 39654 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 198 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12073 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :".

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесін сертификаттау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру қағидаларында:

5-тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) ұшуға жарамдылық нормалары – әуе кемелерінің, ұшуды қашықтан басқару пункттерінің, қозғалтқыштардың немесе әуе бұрандаларының қаралатын сыныбы үшін Қазақстан Республикасында белгіленген, қабылданған немесе танылған нормалар;"

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) үлгі сертификаты – әуе кемесі типінің, ұшуды қашықтан басқару пунктінің, қозғалтқыштың немесе әуе бұрандасының конструкциясын айқындау және осы конструкцияның шет мемлекеттің ұшуға жарамдылық нормаларына сай екенін растау үшін әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым немесе әзірлеуші шет мемлекеттің авиациялық билігі берген құжат;"

19), 20) және 21) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай редакциядағы 6-1, 6-2, 6-3-тармақтармен толықтырылсын:

6-1. Уәкілетті ұйым егер пайдаланушылар босатуларды (алып тастауларды, шегіністерді) белгіленгенге баламалы ұшу қауіпсіздігі деңгейін қамтамасыз ететін қосымша және (немесе) баламалы шараларды енгізу арқылы өтесе, пайдаланушыларға осы Қағидалардан уақытша босатуларды (алып тастауларды, шегіністерді) береді.

6-2. Уақытша босатуларды (алып тастауларды, шегіністерді) беру уәкілетті ұйым жүргізетін ілеспе тәуекелдерді талдауға негізделеді.

Ілеспе тәуекелдерді талдау белгіленгенге баламалы ұшу қауіпсіздігі деңгейіне қол жеткізу мүмкіндігін көрсететін пайдаланушылар ұсынған тәуекелдерді бағалау негізінде жүргізіледі.

6-3. Пайдаланушыларға берілген уақытша босатулар (алып тастаулар, шегіністер) туралы ақпарат уәкілетті ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады. Көрсетілген ақпарат нақты жағдайға байланысты уақытша шектеулер және (немесе) жеңілдететін шаралар туралы деректерді қоса алғанда, уақытша босатуларды (алып тастауларды, шегіністерді) беру шарттарын және осындай босатулардың (алып тастаулардың, шегіністердің) қолданылу мерзімін қамтиды.

8-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1. Құжаттарды қарау және ұшуға жарамдылық сертификатын беру мерзімі 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімнің өтуі уәкілетті ұйымды мемлекеттік қызметті көрсетуден босатпайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі осы Қағидалардың 8-2-тармағында белгіленген жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш уәкілетті ұйымның жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын келіп түссе, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі келесі жұмыс күнінен басталады.";

мынадай мазмұндағы 8-2-тармақпен толықтырылсын:

"8-2. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру уәкілетті ұйымның өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру туралы хабарлама жіберген күнінен басталады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі уәкілетті ұйым мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтата тұрады:

1) азамат қайтыс болған (оның ішінде оны қайтыс болды деп жариялаған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған кезде, егер өтініш берушінің тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алуға құқықтары құқық мирасқорлығына жол берсе;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған кезде;

3) мемлекеттік органдар немесе сот қарайтын мәселелер шешілгенге дейін не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге тәртіппен мәселе шешілгенге дейін мемлекеттік қызметті көрсету мүмкін болмаған кезде;

4) өтініш беруші ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталғанда, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеуі, осы Қағидаларға 1-1-қосымшада көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы тармақтың үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – тиісті тұлғаның құқық мирасқоры айқындалғанға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы тармақтың үшінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген жағдайда – мемлекеттік органның ұстанымы айқындалғанға, сот актісі заңды күшіне енгенге немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге тәртіппен шешілгенге дейін;

3) осы тармақтың үшінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген жағдайда – осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес анықталған кемшіліктер уәкілетті ұйым белгілеген мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың төртінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі мемлекеттік қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.

Уәкілетті ұйым өтініш берушінің өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтата тұруға құқылы:

1) мемлекеттік қызмет көрсету процесін одан әрі жалғастыруға уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әрекеті. Төтенше жағдай режимінің енгізілуі, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайдың туындау қатері немесе туындауы еңсерілмейтін күш әрекеті деп түсініледі;

2) өтініш берушінің заңды өкілі қызмет алатын жағдайларды қоспағанда, өтініш беруші мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімге қызметтік іссапарда болуы немесе медициналық ұйымда стационарлық емделуде болуы.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өтініш беруші ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Ұшуға жарамдылық сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда уәкілетті ұйым өтінішті цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген негіз бойынша өтініш беруші ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) уәкілетті ұйымда сақтауға қабылданбай, өтініш берушіге қайтарылуға жатады, бұған өтініш және (немесе) құжаттар "цифрлық үкімет" веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар айқындаған өзге де цифрлық объектілер арқылы берілген жағдайлар кірмейді.

Анықталған кемшіліктерді жою үшін уәкілетті ұйым өтініш берушіге 19 (он тоғыз) жұмыс күнін береді. Көрсетілген мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің жалпы есебіне кірмейді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн деп өтініш берушінің бастапқы жүгінген күні есептеледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда уәкілетті ұйым өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші ұшуға жарамдылық сертификатын беру мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде, уәкілетті ұйым өтініш берушінің және ұсынылған материалдардың, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12038 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларына (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормалары), Заңға сәйкестігін тексереді және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттық тексеруді жүзеге асырады.

Жаңа, бұрын пайдаланылмаған, азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын сертификаттық тексеру кезінде (дайындаушы зауыттан қабылдау кезінде) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігін растайтын және азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беруге өтінім беру сәтінде қолданыста болатын мемлекеттік тіркеу кезінде жасалған оң бағалау актісі болған кезде әуе кемесін қарау жүргізілмейді.

Жаңа, бұрын пайдаланылмаған, азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу кезінде (дайындаушы зауыттан қабылдау кезінде) жасалған оң бағалау актісі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қолданылады.";

9-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2. Пайдалану құжаттамасын тексеру және әуе кемесін қарап-тексеру жөніндегі жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша нұсқаулық материалды (әуе кемесінің

ұшуға жарамдылығын сертификаттық тексеру бағдарламасына сәйкес) пайдалана отырып, уәкілетті ұйым 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес азаматтық әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы бағалау актісін (бұдан әрі – бағалау актісі) жасайды, ол сертификаттық тексеру бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Оң бағалау актісінің негізінде уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ұшуға жарамдылық сертификатын не теріс бағалау актісінің негізінде Ұшуға жарамдылық сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жібереді.

Жауапта уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған негіздемелері бар негіздердің толық тізбесі, сондай-ақ шағымдану мерзімдері мен тәртібі көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға осы қызметті алу құқығының туындауына байланысты емес талаптар негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде өтініш берушіні тыңдау жүргізілмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 9-3-тармақпен толықтырылсын:

"9-3. Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

13. 1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздіктер өтініш берушінің техникалық және қаржылық мүмкіндіктерін негізге ала отырып, адамның өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауды, ұшу қауіпсіздігін және авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қабілетсіздігімен сипатталады.

1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздік болған кезде уәкілетті ұйым өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктерді жойғанға дейін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сертификат беруден бас тартады не сертификаттың қолданысын шектейді.

13-1. 2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздік болған кезде уәкілетті ұйым:

1) анықталған сәйкессіздікті жою үшін ол анықталған сәттен бастап үш айдан аспайтын мерзімді келіседі. Өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жою бойынша осы Қағидаларға 3-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлейді және сертификаттық тексеру нәтижелерімен танысқан сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға келісуге ұсынады;

2) өтініш беруші анықталған сәйкессіздікті жою бойынша ұсынған шараларды бағалау негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын келіседі не оны негіздемесімен пысықтауға қайтарады.

Түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзімді өзгерту қажеттігі туралы өтініш беруші негіздеме ұсынған жағдайда, уәкілетті ұйым оны ұзартады.

Өтініш беруші осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мерзімде қолайлы түзету іс-қимылдарының жоспарын ұсынбаған жағдайда, уәкілетті ұйым сертификат беруден бас тартады.

Қолайлы түзету іс-қимылдарының жоспары сәйкессіздіктердің себептерін жою және олардың қайталануын болғызбау жөніндегі іс-қимылдарды қамтиды.

Анықталған сәйкессіздіктерді жою үшін өтінімді қарау мерзімі осы Қағидалардың 13-1-тармағына сәйкес түзету іс-қимылдарының жоспарында көрсетілген мерзімге тоқтатыла тұрады, бұл туралы өтініш берушіге қарау мерзімін тоқтата тұру туралы шешім қабылданған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

13-2. Анықталған сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін өтініш беруші уәкілетті ұйымға тексеру үшін растайтын құжаттаманы қоса бере отырып, жоспарда белгіленген мерзімдерде түзету іс-қимылдарының орындалғаны туралы еркін нысандағы анықтаманы ұсынады.

Уәкілетті ұйым қайта тексеру жүргізу арқылы өтініш берушінің ұсынылған түзету іс-қимылдарының жоспарына сәйкес сәйкессіздіктерді жоюын бақылайды.

Егер өтініш беруші түзету іс-қимылдарын келісілген мерзімдерде орындамаса, 2-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздік 1-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздікке ауысады және уәкілетті ұйым бұрын берілген сертификатты кері қайтарып алады не оның қолданысын шектейді.

3-деңгейдегі сертификаттау талаптарына сәйкессіздік болған кезде түзету іс-қимылдарының жоспары талап етілмейді. Бұл сәйкессіздіктер келесі жоспарлы инспекцияға немесе сертификаттауға дейін жойылады.

15-тармақтың бесінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификаты мынадай шарттар сақталған кезде жарамды болып қалады:

1) әуе кемесінің азаматтық әуе кемесінің қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты бар;

2) әуе кемесінің азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы қолданыстағы куәлігі бар;

3) әуе кемесі әуе кемесін әзірлеуші мемлекет бекіткен және уәкілетті ұйым таныған үлгі конструкцияға сәйкес келеді;

4) модификацияның немесе жөндеудің орындалуы Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкес келеді;

5) әуе кемесі ұшуға жарамды күйде ұсталады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Уәкілетті ұйым әуе кемесінің Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкессіздігі анықталған жағдайларда ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтата тұрады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Шуыл бойынша сертификатты уәкілетті ұйым портал арқылы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.";

21-1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1. Шуыл бойынша әуе кемесінің сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім жібереді.";

21-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-4. Өтінімді қарау мерзімі және әуе кемесінің шуыл бойынша сертификатын беру 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.";

21-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-5. Уәкілетті ұйым құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш беруші ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Әуе кемесінің шуыл бойынша сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда уәкілетті ұйым өтінішті цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген негіз бойынша өтініш беруші ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) уәкілетті ұйымда сақтауға қабылданбай, өтініш берушіге қайтарылуға жатады, бұған өтініш және (немесе) құжаттар "цифрлық үкімет" веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар айқындаған өзге де цифрлық объектілер арқылы берілген жағдайлар кірмейді.

Анықталған кемшіліктерді жою үшін уәкілетті ұйым өтініш берушіге 4 (төрт) жұмыс күнін береді. Көрсетілген мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің жалпы есебіне кірмейді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн деп өтініш берушінің бастапқы жүгінген күні есептеледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда уәкілетті ұйым өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

21-6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21-6. Өтінімді тиісті нұсқаулық материалды пайдалана отырып Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларына және Заңға сәйкестігі тұрғысынан қарау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес әуе кемесінің шуыл бойынша сертификатын не Әуе кемесінің шуыл бойынша сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және оны уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында өтініш берушінің порталдағы " жеке кабинетіне" жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жібереді.

Жауапта уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған негіздемелері бар негіздердің толық тізбесі, сондай-ақ шағымдану мерзімдері мен тәртібі көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға осы қызметті алу құқығының туындауына байланысты емес талаптар негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде өтініш берушіні тыңдау жүргізілмейді.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Шет мемлекет берген азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық сертификаттарын тану тәртібі азаматтық әуе кемелерін Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу кезінде, ұшуға жарамдылық сертификаты берілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкес болған жағдайда қолданылады.";

24-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

26-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26-1. Уәкілетті ұйым құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш беруші ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Ұшуға жарамдылық сертификатын тану туралы шешім беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда уәкілетті ұйым өтінішті цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген негіз бойынша өтініш беруші ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) уәкілетті ұйымда сақтауға қабылданбай, өтініш берушіге қайтарылуға жатады, бұған өтініш және (немесе) құжаттар "цифрлық үкімет" веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар айқындаған өзге де цифрлық объектілер арқылы берілген жағдайлар кірмейді.

Анықталған кемшіліктерді жою үшін уәкілетті ұйым өтініш берушіге 4 (төрт) жұмыс күнін береді. Көрсетілген мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің жалпы есебіне кірмейді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн деп өтініш берушінің бастапқы жүгінген күні есептеледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда уәкілетті ұйым өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

26-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26-2. Өтінімді тиісті нұсқаулық материалды пайдалана отырып Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларына және Заңға сәйкестігі тұрғысынан қарау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес ұшуға жарамдылық сертификатын жарамды деп тану туралы шешімді не Ұшуға жарамдылық сертификатын тану туралы шешім беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес

мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және оны уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жібереді.

Жауапта уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған негіздемелері бар негіздердің толық тізбесі, сондай-ақ шағымдану мерзімдері мен тәртібі көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға осы қызметті алу құқығының туындауына байланысты емес талаптар негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде өтініш берушіні тыңдау жүргізілмейді.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Арнайы ұшуды орындауға рұқсат (арнайы ұшуға жарамдылық сертификаты) Заңның 44-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген, қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты жоқ немесе ұшуға жарамдылық сертификатын беру үшін белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін, бірақ пайдаланушы мен уәкілетті ұйымның бағалауы негізінде төменде белгіленген шарттарда және мынадай мақсаттарда қауіпсіз ұшуды орындауға қабілетті деп танылған әуе кемесіне беріледі:

- 1) жаңа әуе кемелері шығарылғаннан кейінгі айналып ұшу сынақтары;
- 2) пайдалану (жөндеу) құжаттамасына сәйкес техникалық қызмет көрсетуден және (немесе) жөндеуден, модификациядан кейінгі ұшу сынақтары немесе техникалық сипаттамаларды растау мақсатында айналып ұшу;
- 3) әуе кемесін жеткізу, жақындап келе жатқан қауіпті аймақтан эвакуациялау не форс-мажорлық мән-жайлар жағдайында немесе экспорттау;
- 4) қолданылатын ұшуға жарамдылық талаптарына немесе сертификаттау ерекшеліктеріне сәйкестігін көрсету мақсатында тапсырыс берушінің немесе уәкілетті ұйымның бағалауы үшін әуе кемесінің ұшуы;
- 5) көрмелер мен авиашоу;
- 6) әуе кемесінің техникалық қызмет көрсету, сақтау, жөндеу орындарына немесе ағымдағы базалау орнына ұшуы;
- 7) қону үшін тиісті жағдайы немесе тиісті отын мөлшері жоқ аймақтарда су үстімен немесе жер үстімен қауіпсіз ұшу қашықтығының шегінен тыс ұшулар үшін әуе кемесінің сертификатталған ең жоғары ұшып көтерілу массасымен ұшуы;

8) рекордтарға қол жеткізу, авиациялық жарыстарға және соған ұқсас жарыстарға қатысу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұшуға жарамдылық сертификаты немесе соған ұқсас басқа да құжат талап етілмейтін, Қазақстан Республикасының аумағындағы әуе кемелерінің немесе әуе кемелері типтерінің қызметі.";

28-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28-3. Өтінімді қарау және арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.";

28-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28-4. Уәкілетті ұйым құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушы сертификаты, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш беруші ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда уәкілетті ұйым өтінішті цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген негіз бойынша өтініш беруші ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) уәкілетті ұйымда сақтауға қабылданбай, өтініш берушіге қайтарылуға жатады, бұған өтініш және (немесе) құжаттар "цифрлық үкімет" веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар айқындаған өзге де цифрлық объектілер арқылы берілген жағдайлар кірмейді.

Анықталған кемшіліктерді жою үшін уәкілетті ұйым өтініш берушіге 2 (екі) жұмыс күнін береді. Көрсетілген мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің жалпы есебіне кірмейді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн деп өтініш берушінің бастапқы жүгінген күні есептеледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда уәкілетті ұйым өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Өтінімді тиісті нұсқаулық материалды пайдалана отырып, ұшуға жарамдылық нормаларына және Заңға сәйкестігі тұрғысынан қарау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес коммерциялық тасымалдарды орындау құқығынсыз арнайы ұшуға жарамдылық сертификатын не Арнайы ұшуды орындауға рұқсат беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және оны уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жібереді.

Жауапта уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған негіздемелері бар негіздердің толық тізбесі, сондай-ақ шағымдану мерзімдері мен тәртібі көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға осы қызметті алу құқығының туындауына байланысты емес талаптар негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде өтініш берушіні тыңдау жүргізілмейді.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.";

31 және 31-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Азаматтық әуе кемелерінде радиомен хабарлау аппаратурасы орнатылған жағдайда, уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат береді.

31-1. Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 8-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат алуға өтінім береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) баяндалған.";

31-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31-4. Азаматтық әуе кемелерінде орнатылған радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі өтінімді қарау және рұқсат беру мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.";

31-5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31-5. Уәкілетті ұйым құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш беруші ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда уәкілетті ұйым өтінішті цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген негіз бойынша өтініш беруші ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) уәкілетті ұйымда сақтауға қабылданбай, өтініш берушіге қайтарылуға жатады, бұған өтініш және (немесе) құжаттар "цифрлық үкімет" веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар айқындаған өзге де цифрлық объектілер арқылы берілген жағдайлар кірмейді.

Анықталған кемшіліктерді жою үшін уәкілетті ұйым өтініш берушіге 4 (төрт) жұмыс күнін береді. Көрсетілген мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің жалпы есебіне кірмейді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн деп өтініш берушінің бастапқы жүгінген күні есептеледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда уәкілетті ұйым өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

31-6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31-6. Өтінімді тиісті нұсқаулық материалды пайдалана отырып, ұшуға жарамдылық нормаларына және Заңға сәйкестігі тұрғысынан қарау нәтижелері бойынша уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсатты не Радиомен хабарлау аппаратурасын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты

ресімдейді және оны уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жібереді.

Жауапта уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған негіздемелері бар негіздердің толық тізбесі, сондай-ақ шағымдану мерзімдері мен тәртібі көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға осы қызметті алу құқығының туындауына байланысты емес талаптар негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде өтініш берушіні тыңдау жүргізілмейді.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Экспорттық сертификатты уәкілетті ұйым Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығарылуға жататын әуе кемесіне береді.

Осы құжат ұшуларды орындау мақсаты үшін жарамды болып табылмайды және экспорттаушы мемлекеттің әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы жай-күйіне соңғы тексерудің оң нәтижелерін растауы ретінде қызмет етеді.";

34-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34-3. Өтінімді қарау және әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының экспорттық сертификатын беру мерзімі:

1) 10 (он) жұмыс күні – егер әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының жарамды сертификаты болса;

2) 22 (жиырма екі) жұмыс күні – егер әуе кемесінің ұшуға жарамдылығының жарамды сертификаты болмаса.";

34-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34-4. Уәкілетті ұйым құжаттарды олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Өтініш беруші ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олардың нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Ұшуға жарамдылықтың экспорттық сертификатын беру жөніндегі

мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда уәкілетті ұйым өтінішті цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көзделген негіз бойынша өтініш беруші ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұскалар) уәкілетті ұйымда сақтауға қабылданбай, өтініш берушіге қайтарылуға жатады, бұған өтініш және (немесе) құжаттар "цифрлық үкімет" веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар айқындаған өзге де цифрлық объектілер арқылы берілген жағдайлар кірмейді.

Анықталған кемшіліктерді жою үшін уәкілетті ұйым өтініш берушіге 4 (төрт) жұмыс күнін береді. Көрсетілген мерзім мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің жалпы есебіне кірмейді.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік қызметті алуға арналған өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн деп өтініш берушінің бастапқы жүгінген күні есептеледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда уәкілетті ұйым өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.";

мынадай мазмұндағы 34-5, 34-6 және 34-7-тармақтармен толықтырылсын:

"34-5. Өтініш беруші ұшуға жарамдылықтың экспорттық сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде уәкілетті ұйым өтініш берушінің және мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына және Заңға сәйкестігін тексереді, сондай-ақ әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын көшпелі тексеруді жүзеге асырады.

Өтінім беру сәтінде азаматтық әуе кемесінің қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты болған кезде әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын көшпелі тексеру жүргізілмейді.

34-6. Көшпелі тексеру жүргізу кезінде әуе кемесінің Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растауға мүмкіндік беретін тексеру рәсімдері іске асырылады.

34-7. Көшпелі тексеру нәтижелері бойынша авиациялық инспектор осы Қағидаларға 11-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада көшпелі тексеру актісін жасайды.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Пайдалану құжаттамасын тексеру және әуе кемесін көшпелі тексеру нәтижелері бойынша тиісті нұсқаулық материалды пайдалана отырып, ұшуға жарамдылық нормаларына және Заңға сәйкестігі тұрғысынан уәкілетті ұйым осы

Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес ұшуға жарамдылықтың экспорттық сертификатын не Ұшуға жарамдылықтың экспорттық сертификатын беру жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 3-3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және оны уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған цифрлық құжат нысанында өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге бас тарту себептерін көрсете отырып жауап жібереді.

Жауапта уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдаған негіздемелері бар негіздердің толық тізбесі, сондай-ақ шағымдану мерзімдері мен тәртібі көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға осы қызметті алу құқығының туындауына байланысты емес талаптар негіз бола алмайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартқан кезде өтініш берушіні тыңдау жүргізілмейді.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгіне алады.";

- 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 1-1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 2-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 2-1-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
- 7-1-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;
